


МЕБЕЛЬНАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-март 2023 г.



20,5
МЛРД ТГ



- Мебель для сидения специальная в основном с металлическим каркасом
- Мебель офисная деревянная
- Мебель кухонная
- Мебель деревянная для спальни прочая (кроме кроватей и шкафов)
- Мебель деревянная для столовой и гостиной



119,9%
ИФО

\$1,7
МЛН.



ЭКСПОРТ

Импорт 64,3%
ОТП 35,6%




РЫНОК

\$46,8
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за 2 мес. 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 жылғы қаңтар-наурыздағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі **өндірісінің көлемі** 2023 жылғы қаңтар-наурызда 20,5 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 24,7% жоғары. Саланың ФКИ көрсеткіші қарастырылған кезеңде 119,9% құрады. ФКИ өсуі жатын бөлмеге арналған ағаш жиһаз (керуеттер мен шкафтардан басқа) өндірісінің 59,6%, ағаш кеңсе жиһазы өндірісінің 12,4%; ас үй жиһазы өндірісінің 4,4% байланысты. Сонымен қатар, төмендегі тауарлар өндірісінде төмендеу байқалады: негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз 11,4% және асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз 3,6%.

Жиһаз өнімін **тұтынудың ішкі нарығы** 2023 жылғы қаңтар-ақпан қорытындысы бойынша 72,7 млн АҚШ долл. құрады (33,2 млрд теңге). Отандық өндіріс үлесі 35,6% құрады.

Жиһаз өнімі **экспортының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-ақпанда 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 1,7 млн. АҚШ долл. құрап, 2,5 есеге өсті.

2023 жылғы қаңтар-ақпанда жиһаз саласы экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді төмендегі тауарлар құрады: металл жиһаз (451,8 мың АҚШ долл.), мықты материалдардан жасалған матрац негіздері (162,3 мың АҚШ долл.), ағаш каркасты отыруға арналған жиһаз (150,7 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын металл жиһаз (135,0 мың АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (126,4 мың АҚШ долл.), мекемелерде пайдаланылатын ағаш жиһаз (120,0 мың АҚШ долл.) және т.б.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі Ресейге (жалпы экспорт көлемінен 44,6% немесе 756,4 мың АҚШ долл.), Өзбекстанға (15,4% немесе 260,8 мың АҚШ долл.), Қырғызстанға (12,1% немесе 205,7 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі **импортының көлемі** 2023 жылғы қаңтар-ақпанда ақшалай көріністе 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 46,8 млн АҚШ долл. құрап, 37,3% төмендеді.

Тауарлық құрылымда импортталатын өнімнің ең жоғары көлемін мекемелерде пайдаланылатын ағаш жиһаз (2,2 млн АҚШ долл.), керуетке ауысатын немесе ауыспайтын отыруға арналған жиһаз және оның бөлшектері (2,5 млн АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған жиһаз (1,5 млн АҚШ долл.), басқа да металл жиһаз (5,2 млн АҚШ долл.), металл каркасты отыруға арналған қапталған (2,3 млн АҚШ долл.) және т.б. құрайды.

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (13,7 млн АҚШ долл. немесе импорттың жалпы көлемінен 29,3%), Қытайдан (9,1 млн АҚШ долл. немесе 19,3%), Түркиядан (4,9 млн АҚШ долл. немесе 10,5%), Белоруссиядан (4,7 млн АҚШ долл. немесе 10,1%), Италиядан (4,4 млн АҚШ долл. немесе 9,3%) келіп түседі.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Алайда, еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 27% Алматы қ. (5,6 млрд теңге) өндірілетіндігін атап өткен жөн.